

“Қарағұр” жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы кітапханашының атқарылған іс-шаралары туралы мәлімет

Мектеп кітапханасының жылдық жоспарымен «Оқуға құштар» мектеп жобасы аясындағы жұмыс жоспары бекітіліп, сол бойынша айлық жоспарлар жасалынған. Мектеп кітапханасының оқулықтары 1-11 сынып оқушыларына толық 100% жеткілікті.

Көркем әдебиет -3034 дана

Әдістемелік әдебиет-250 дана

Оқулықтар -17731 дана

Барлығы- 21015 дана

Жұмыс жоспары бойынша бірнеше жұмыстар атқарылып іс-шаралар жасалынған және мектептің әлеуметтік желісіне жарияланып отырды. Кітапханада 240 оқырман бар.

"Қарағұр" жалпы орта мектебінде 1 қыркүйек- Білім күнінде "Мектебім-мейірім мекені" тақырыбында салтанатты жиын болып өтті. Жиынға ардагер ұстаздар, ата-аналар, "Қамқоршылық кеңесінің" мүшелері, мұғалімдер мен оқушылар қатысты. Жиын барысында мектеп директоры Т.Малбағаров салтанатты жиынды ашып, құттықтау сөз сөйледі. Өткен оқу жылына қорытынды жасап, жетістікке жеткен ұстаздарды мектеп әкімшілігі атынан мақтау қағазымен марапаттады. Сондай-ақ, биылғы оқу жылындағы өзгерістер мен алда тұрған міндеттерді таныстырып өтті. Сонымен қатар, ардагер ұстаздар мектеп табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерге, оқушылар мен мектеп мұғалімдеріне ыстық ықыластырын білдіре отырып, 1-сынып оқушыларына "Әліппе" оқулығын табыс етті.

Оқу жылының жылдық жоспарына сай мектеп кітапханашысы мен мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен қазақ әдебиеті тарихында есімі дара аталатын ақындардың бірі, құйрықты жұлдыздай жарқ еткен, ғұмырын ұлт руханиятының жолында сарп еткен. С.Торайғыровтың 130 жылдық мерейтойына орай "Асқақ арманды ақын - Сұлтанмахмұт" таақынның өмірі мен шығармашылық жолынан мағұлмат беру, ақын өлеңдерінің тақырыбын, идеясын түсіндіру. Өлеңдерін түсініп оқуға, дағдыландыру, қалыптастыру, тіл байлығын арттыру мақсатында өткізілді. қырыбында 6-7 сынып оқушылары арасында танымдық сабақ өткізілді.



Кітапханада I-тоқсан күзгі демалыс кезіне іс-шара жасалынып оқушылармен біршама жұмыстар жасалынып, Төлен Әбдіктің шығармалары таныстырылып, 2-4 сынып оқушылары арасында “Ертегілер еліне саяхат” тақырыбында ертегілер оқылды.



Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай мектебіміздің 8- сынып оқушылары арасында "Қазақ әдебиетінің ақсұңқары" атты танымдық сабақ өтті. Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жайлы білім беру, мазмұны арқылы оқушыларды адалдыққа, шынайылыққа, адал достықты қадірлеуге тәрбиелеу.



Мектеп кітапханасында 16 желтоқсан Қазақстан республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Қарағұр" жалпы білім беретін мектеп кітапханасында "Көк туы желбіреген-Қазақстан" және "Менің Қазақстаным" тақырыптарында кітапханалық көрме жасалынып, оқырмандарға таныстырылды. Сонымен қатар 4-5 сыныптарының оқушылары арасында видеоролик түсіріліп, оқушыларды отанын сүйуге, ұлтжандылыққа, елін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында Тәуелсіздік күніне арнап, мерекелік өлеңдер оқылды.



Оқу жылында қысқы демалыс кезінде мектеп кітапханасында мектеп тәлімгері мен бірлесе отырып "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында "Қыста кітап оқимыз" тақырыбында іс шаралар өткізіледі.

Мен оқыған бір ертегі".

Мақал-мәтелдер айтайық " тақырыптары бойынша оқушылар өз үлестерін қосты .



Оқуға құштар мектеп аясында қазақ ақыны, әдебиет танушы,ғалым,түркі танушы,педагог,қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлының “Қырық мысал” шығармасынан 9-сынып оқушылар арасында оқырмандар конференциясы болып өтті



Мәңгілік өмір! Ақын мұрасы, маржан поэзиясы-болашақ ұрпақтың еншісі, қастерлеп қадірлейтін мұрасы, ақын көкірегінен буырқана ағылған жыр жанартаулары өлең құмар халыққа таусылмайтын сый, мол қазына. Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан, асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген ақиқат ақын-Мұқағали Мақатаевтың 9 ақпан туылған күніне орай "Жыр тербеген-Мұқағали" тақырыбында мектеп кітапханасында көрме жасалды. 4-сынып оқушылары ақынның өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқыды. -мәңгілік өмір! Ақын мұрасы, маржан поэзиясы-мәңгілік, болашақ ұрпақтың еншісі, қастерлеп қадірлейтін мұрасы, ақын көкірегінен буырқана ағылған жыр жанартаулары өлең құмар халыққа таусылмайтын сый, мол қазына болып қала бермек. Ақынның сөзі өлмесе, өзі де өлмегені.



МАД «А» сыныбының жетекшісі З.Қауқақова мен мектеп кітапханашысы Ж.Мусалимованың ұйымдастыруымен мектепалды дайындық топтарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында және «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру шеңберінде «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» тақырыбында ұйымдастырылған іс-шара болып өтті.



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында: "Мақал-сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы және ертегі оқу дамушы" тақырыбында 4- сыныптың оқушылары арасында екі топтан құрылған сайыс сабақ өткізілді. 4 "А" сыныбы "Болашақ" тобы, 4 "Ә" сыныбы "Ақыл, ғылым, бақыт" тобы.

Ертегі көрінісі арқылы балаларды достық сезімге тәрбиелеу. Айналасындағы адамдар мен жануарларға деген сүйіспеншілігін, қамқорлық сезімін қалыптастыру. Ертегіге деген қызығушылығын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Кейіпкердің мінез-құлқын сезіндіру, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адам бойына жат қасиет тілазарлықтан аулақ болып, кешірімді болуға тәрбиелеу.



14 ақпан "Кітапханаға кітап сыйла" акциясына орай мектеп кітапханасына ауылдан шыққан "Техника ғылымдарының кандидаты" "abdi" компаниясының президенті Абдібек Бимендиев Шәрібекұлы 100 кітап сыйға тартты. "Қазақстан тарихы мен мәдениетінің үлкен атласы", Абай жолы кітабының толық томдары, тұрмыс -салт жырлары, шешендік сөздер, мақал-мәтел, жұмбақтар және ақын жазушыларымыздың кітаптары бар. Осы орайда мектеп ұжымы жомарттық танытқан жерлесімізге шексіз алғысымызды білдіреміз.



Ауған соғысының 35 жылдығына орай "Ауған соғысы-ұмытылмас естелік" тақырыбында АӘД жетекшісі, мектеп кітапханашы, ДТЖО және тәлімгерлерінің ұйымдастыруымен мектепшілік іс-шара болды. Арада 35 жыл өтсе де, қаншама жүректі сыздатар жараның орны әлі жазылған жоқ. Ол соғыс әрбір ардагердің мәңгілік жадында.



13.02.2024 жылғы №165 хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген "Тоғыз айға іс-шара" тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Республикалық ғылыми педагогикалық кітапханасының "Оқуға құштар мектеп" жобасы қолға алынғандығы баршамызға аян. "Оқуға құштар мектеп" жобасы мектеп жасындағы балалардың кітапқа құмарлығын оятумен қатар, танымдық-мәдени дамуына жол ашады. Сол мақсатқа жету жолында жас оқырмандар алдына бірнеше міндеттерді жүктейді. Ол оқушыларды оқу мәдениетіне тәрбиелеу, кітапқа деген құрмет пен сүйіспеншілігін қалыптастыру, ең бастысы кітапты оқуға құштарлығын шыңдау болып табылады. Осы орайда кітапханада "Сүйікті кітабым" тақырыбында көрме жасалынып оқушылар республикалық челленджіне қатысып, белсенділік танытты.





Мектеп кітапханасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 23 сәуір дүние жүзілік кітап күні және авторлық құқық күніне арнап "Әр өлеңі бір әлем" тақырыбында жерлесіміз ақын әрі талай жыл ұстаздық етіп зейнеткерлікке шыққан Ескермес Жақсымбетұлына арналды. Е.Жақсымбетұлының өлеңдерін насихаттау мақсатында жас мамандар арасында төрт бөлімнен тұратын сайыс ұйымдастырылды.



Мектеп кітапханашысы мен бастауыш сынып мұғалімі Б.Сапарбекованың ұйымдастыруымен 23 сәуір Дүниежүзілік кітап күні және авторлық құқық күніне арнап 3 -сынып оқушыларымен "Үздік оқырман" тақырыбында сайыс өтті.

Оның мақсаты: Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ қалыптастыру; Оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани тәлім тәрбие беру; Кітап оқуға баулу; Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу.



Мектеп кітапханасы мен мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен, 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай 8 сынып оқушыларымен "Алаш партиясы әділдікке жақ болды" атты танымдық сабақ өтілді.

Танымдық сабақтың мақсаты ұлт болашағы үшін жанын пида еткен Алаш қайраткерлерінің өмірі мен тарихын насихаттау, ұлт зиялыларын еске алу.



“1 Маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні” мерекесінде мектеп ауласындағы керемет безендірілген іс-шараның соңынан мектеп кітапханасында жалғастырды. Оқушылар кітапханада “Біз бақытты баламыз” атты іс-шараға қатысып түрлі ертегі кітаптар оқып, ойыншықтармен ойнап, ертегілер айтып, ән айтып, билеп т.б. ұйымдастырылған сайыстарға қатысып көңіл көтерді.



Қорытынды.

Алдымыздағы оқу жылында жұмысымыздың бір саласы – әр кезде жарық көрген жақсы шығармаларды көпшілік арасында кеңінен насихаттау, олардың кейбір ерекшеліктеріне баса назар аударып жаңарту жолдарында жұмыс жүргізу, оқырмандармен жұмыс жүргізу, оқырмандардың кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру.

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана. Кітап оқу жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманында да кітап адамның ой – өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала бермек.

Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын іс – шаралар ұйымдастыру. Оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу – тәрбие жұмысына ықпал етуге еңбек ету. Оқу жылының басында оқулықтар таратылып, оның жыртылып бүлінбеуін қадағалап тұру. Кітапханалық библиографиялық ілімнің негіздерімен балаларға арнайы кітапхана сабақтарын жүргізу.

Мәліметті дайындаған

Мектеп кітапхана меңгерушісі: Ж.Мусалимова

